

Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос! Абай



№38 (1810)

2025 жылғы 18 қыркүйек

ЕКІБАСТҰЗ ҚАЛАЛЫҚ ГАЗЕТІ. ГАЗЕТ 1992 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ДЕМОГРАФИЯ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ



Қала әкімдігінде көпбалалы аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» тағу рәсімі өтті. Оған демографиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып жүрген азаматшалар шақырылды.

Марапаттау сәтінде қала әкімі Аян Бейсекин алтын құрсақты аналарды құттықтап, әр шаңыраққа амандық, бақыт пен ынтымақ тіледі.

— Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында мәдениеттілік, адалдық және тәрбие әр азаматтан, әр отбасынан басталуы керек екенін атап өтті. Ана жүрегі арқылы балаларға патриотизм, үлкендерді құрметтеу және отбасылық құндылықтарды сақтау тәрбиесі беріледі, — деді қала әкімі аналарды құттықтау сөзінде.

Алтын алқалы аналардың бірі — 37 жасар Айнұр Аяғанова. Тұңғышы биыл 14-ке келсе, кішкентайы бір жарым жаста ғана екен. Сәби күтімімен үйде отырған Айнұр Ермекбайқызы балаларының болашағынан зор үміт күтеді.



Күміс алқа тағынған Айқын Мұратбаева 6 баласын өсіріп жеткізіп, немере сүйіп отыр.

— Үш жыл бұрын Өзбекстаннан қоныс аударып келдік. Құжаттарымды реттеп, көпбалалы мәртебесін енді алып жатырмын, — дейді А.Мұратбаева. — Елге жеткенімізге ризамыз. Балаларым жұмысқа орналасып, немерелерім жоғары оқу орнын бітіріп жатыр.

Салтанатты шарада аналардың құрметіне Алтынғүл Бахытхан «Асыл ана» әнін шырқаса, Мадияр мен Айбек қырғыз күйін орындады.

Балаларға қамқорлық жасау — мемлекетіміздің басты басымдықтарының бірі. Биыл облыс әкімінің қолдауымен 50 аулада жаңа балалар ойын алаңы орнатылды, 10-нан астам воркаут және стритбол алаңы салынды. Қала мектептерінде жөндеу жұмыстары жалғасты. Балалардың жан-жақты дамуы үшін жыл басынан бері спорт, мәдениет, экология және білім салаларын қамтитын 600-ден астам түрлі іс-шара өткізілді.

Кенже ҚУАТ

Суреттерді түсірген: В.ФАДЕЕВ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 22 қыркүйек пен 20 қазан аралығында Екібастұз қаласында «Қамқорлық» қайырымдылық айлығы басталады.

«ҚАМҚОРЛЫҚ» АЙЛЫҒЫ БАСТАЛАДЫ

Қаланың барлық тұрғындарын, меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларын, жеке кәсіпкерлерді, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын, мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдарды, меценаттарды, оқу орындарын, жастар бірлестіктерін, волонтерлер және өзге де қоғамдық құрылымдарды қайырымдылық акциясына қатысуға шақырамыз және мұқтаж азаматтарға — мүгедектігі бар адамдарға, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, ең төменгі зейнетақы алушы зейнеткерлерге, жалғызбасты және жалғыз тұратын мүгедектігі бар адамдар мен зейнеткерлерге, енбекке жарамсыз азаматтарға, жетім балалар мен мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және т.б. әлеуметтік қолдау көрсетуді сұраймыз.

З. ЖАҚСЫБАЕВА,

«Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі» ММ басшысы

АБАТТАНДЫРУ

КӨШЕ ШАМЫ КӨБЕЙДІ

Шаһар басшысы Аян Бейсекин әлеуметтік желіде өте белсенді: қаланың тыныс-тіршілігінен жұртшылықты жиі хабардар етіп отырады. «Биыл қаламызда бірден балалардың 50 ойын алаңшасы мен 12 спорт алаңшасы бой көтерді. Үш жыл ішінде 200-ден аса ауланы қамтыдық» деп жазды таяу күндері әкім.

Аулаішілік аумақтарды асфальттау жұмыстары да белсенді жүруде. Соңғы жылдары шаһарда 150-ден аса аула асфальтталған. Әлі 100 аула жақсы өзгерісті күтуде. «Жыл соңына дейін аулаішілік аумақтарды жарықтандыру жұмыстарын аяқтаймыз. Бұдан басқа, 50 шақты кварталаралық аумаққа, қаланың 70 негізгі және қосалқы көшесіне жарық тартылды. Сонымен қатар биыл жаңадан төселген тротуарлардың жалпы қашықтығы 15 шақырымды құрады. Соңғы екі жылда жалпы 25 шақырым тротуар төселді, тағы 20 шақырым тротуар реттеліп, жұмыс жоспарға сай жалғасады.

Абаттандыру және қаланың сәулеттік келбетін жақсарту жұмысы ауқымды жүруде. Облыстық бюджеттік комиссияның соңғы отырысында облыс әкімі Асайын Байханов қаланы дамытудың перспективті жоспарына қолдау білдірді», — деп атап өтті Аян Уахитұлы. Қала басшысы жаз мезгілінде №2 және №7 жылыту магистральдарына жүргізілген қайта құру жұмыстарына да тоқталып өтті. «Әріптестеріммен жүргізіліп жатқан жұмыстарды қарап шықтық. Жұмыстардың 90 пайыздан астамы аяқталған. Ауа райына байланысты жұмыс кестесін 10 күнге ұзарттық», — деді әкім.

Ж.ҚАДЫРОВА

Бүгінгі нөмірге:

ДРОППЕР
ЖАУАПҚА
ТАРТЫЛАДЫ

2-бет

БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ —
ӨНЕГЕ

5-бет

АҚКЕЛІН
ШОҚЫСЫ

8-9-беттер